




Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
Актыбинский областной историко-краеведческий музей

85 жыл

**«Қадырбаев оқулары - 2014»
IV Халықаралық ғылыми
конференциясы**

**IV Международная научная
конференция
«Қадырбаевские чтения - 2014»**

Ақтөбе-2014



Күкірт қышқылы цехы қоймасының салынуы. 1932 жыл.

Әдебиет:

1. Толкачев В.Г. Химическая промышленность Казахстана. Актюбинск, Полиграфия. 1970.
2. Жумасултанов А. Казахстан в экономическом сотрудничестве народов СССР. Алма-Ата, «Казахстан», 1977.
3. Атауов С. Большая химия Казахстана.(Исторический очерк). Алма - Ата, Наука Каз ССР, 1986.
4. АОММ. 13 кор, 1 тізбе, 293 іс
5. АОММ. 13 кор, 1 тізбе, 293 іс
6. Нурмухамедов С.Б, Савосько В.К, Сулейменов Р.Б Очерки истории социалистического строительства в Казахстане (1933- 1940г.г).Алма-Ата, Наука, 1968.
7. Востоков Н. Актюбинский комбинат. Москва- Ленинград, госхимтех.издат 1932.
8. АОММ, 13 кор, 2 тізбе, 370 іс
9. Розвал Б.С. Актюбхимкомбинат в третьей пятилетке. / Актюбинская правда. 1937, 12 август. № 184.

АҚТӨБЕ Өңірінің сәулет өнері ескерткіштері және оларды музеефикациялау

Есіркепов Б.

Музеефикация - бұл маңызды тарихи-мәдени және табиғи нысанның музей қызметінде барынша сақтау және тарихи-мәдени құндылығын, ғылыми, көркемдік құстарын көрсетуге бағытталған. Бұл термин негізі музей саласында қандайда бір жылжымайтын нысанға байланысты қолдана бастаған. 1920 жылы алғаш өз жазбаларында қолданған және толық түсінік берген Ф.И.Шмит болатын. Бірақ термин музей саласында кең көлемде қолданылуы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қарқын ала бастады. Бұған себеп тарихи-мәдени мұралардың яғни музей жәдігерлерінің қайта қалпына келтіру жұмыстары басталғанда және қорық-музейлерінің ашылып, өз жұмысына кіріскен кезден деп те айтуға болады. Себебі бұл терминді екі бағытта қолдана бастады бірі музей экспозициясына тарихи-мәдени ескерткішті музей қызметінде қолдану, ал екіншісі сол тарихи-мәдени ескерткіштерінен өзіндік музей қалыптастыру (ашық аспан астындағы музей, ашық музей). (Музейные экспозиции и выставки/Музейное дело России. М., 2003. 23-бет)

Әлем елдері арасында музеефикациялық нысандар негізін құраушы бұл архитектуралық құрылыстар болып табылады. ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында бұл тізімді археологиялық және табиғат ескерткіштерінде толықтыра түсті. Әлем музейлерінің қазіргі дамуы үрдісіне айналған тарихи-мәдени ескерткіштерден музейлер қалыптастырып, орталық музейлерде негізгі тақырыптық экспозиция жасақтауда. Бұл музейлер халық сұранысына ие болып, келушілер қатары басқа музейлермен салыстырғанда тым жоғары болып табылады. Жалпы тарихи-мәдени ескерткіштерді музеефикациялау бұл тарихи маңыздылығы құнды нысанды зерттеп, оны көпшілік назарында насихаттау және оны сақталуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қорғауға алу секілді маңызды жұмыстары жүргізіледі. Музейтану саласының негізгі осы - музеефикация болып табылады. Музей экспозициясының негізгі бөліктері: ансамбльдік, жүйелік және тақырыптық болып үш түрге бөлінеді. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде археология және этнография залындағы облыстың сәулет-өнер ескерткіштеріне арналған экспозиция тақырыптық тобына жатады. Сәулет-өнер ескерткіштерін музеефикациялау тек суретті экскурсовод сөзімен жеткізу емес, сонымен қатар кейбір ескерткіштердің макеттері арқылы келушілерге сол архитектуралық нысанның құрылысын, тарихын, анызын көрсету арқылы жеткізіледі. (Российская музейная энциклопедия. Москва 2002 год. 14, 17, 38 беттер.)

Халықтың сәулет өнерінің Батыс Қазақстандағы елеулі ескерткіштері өзі уақыттардан бері саяхатшылардың, әскерилердің, зерттеушілердің назарын аударып келді. Арал – Каспий далаларына келген орта ғасырлық авторлардың туындыларында жерлеумен байланысты жерлеу – ғибадаттық оқшау құрылыстарға назар аударған. ХХ ғасырдың басында, араб дипломаты Ахмад ибн Фадлан жазған еді. Ұзақ жылдар өрісінде Арал - Каспийдегі тамаша сәулеттік ескерткіштер туралы көптеген материалдар жинақталды. Алайда, назар негізінен Маңғыстау – Үстірт ауданы төңірегіне аударылды, оның сол сәулеттік ескерткіштер мақсатты түрде зерттелген жоқты. Тек соңғы кездері ғана Үстірт пен Арал теңізінің сол жағы төңірегінен Орал өзеніне дейінгі өңірлерде экспедициялық зерттеулер жіберіліп, нәтижесінде халықтың сәулет өнері мен тас қашау өнерінің бұрын белгісіз болып келген көптеген ескерткіштері ашылды. Олардың басым көпшілігі Ақтөбе облысы өңірінде шоғырланған. (Ескерткіштер- ел тарихы Ақтөбе., 1982 жыл 3-бет) .

Мұнда дәстүрлі сәулет өнері мен монументальдық глиптиканың 4 оқшау топтары ерекшеленеді: солтүстік – үстірттік, жем-сағыздық, қобда-електік, солтүстік Арал маңы.

Облыстық архитектуралық ескерткіштері туралы саяхатшылар жазба деректер қалдырған. Сонымен ірі зерттеу экспедициясы 1946 жылы Қазақ ССР-нің Министрлер кеңесі қарауындағы Архитектура басқармасы Төлеу Бәсеновтың басшылығымен алғашқы зерттеу жұмыстары басталады. Қазақтың тұңғыш архитекторы, жерлесіміз Жем-сағыз тобының барлығында болып қағазға түсірген. Одан кейінгі бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары 1979-1980 жылы облыстың көптеген ескерткіштері ҚазССР Мәдениет Министрлігінің қолдауымен «Қазреставрация» экспедиция кезінде жалғасты. Серик Әжіғалидің бастамасымен жалғасқан жұмыстар нәтижесінде ескерткіштерді Мәдениет министрлігінің арнайы тізіміне алынып, ғылыми паспорттары дайындалды. Зерттеу жұмыстарын жалғастырған ғалым облыстың сәулет-ескерткіштеріне арналған монографияларын көпшілік назарына ұсынды.

Ақтөбе облыстық тарихи-мәдени ескерткіштеріне жалпы тоқталатын болсақ облыс әкімдігінің 2010 жылғы «04» 06 № 180 қаулысымен бекітілген Ақтөбе облысының жергілікті маңызы бартарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінің саны 650 ді құрайды. Олардың ішінде археологиялық ескерткіштер облыс бойынша 544 нысанды белгілеп отыр. Археологиялық ескерткіштер қатары 100 ден асатын аудандар қатарын Қарғалы, Мартөк, Қобда аудандары құрайды. Облыста ескерткіштердің құрылымы жағынан топты құрайтын ансамбльдер қатарыда баршылық. Жалпы облыс бойынша Байғанин ауданында, яғни Жем-сағыз тобына жататын 6 ансамбль сәулет-ескерткіші болса, Қобда ауданында яғни Қобда-Елек тобына жататын ортағасырлық Абат-Байтақ мавзолейінің жанындағы XIX ғасырды қамтитын құлпытастар ансамблі және Ойыл ауданындағы XIX ғасырға тән «Керуен-сарай» тарихи-архитектуралық кешені (мешіт, сауда орны, жәрмеңке комитеті).

Қобда-Елек тобындағы тамаша ескерткіш – Ұлы Қобда өзені алабындағы Абат-Байтақ қорымы болып табылады. Мұнда көлденеңі 600 метр аланда тарихы орта ғасырға кететін орасан зор қорым орналасқан. Комплекске тамаша сәулет ескерткіші, осы аймақта күйдірілген кірпіштен салынып, сақталып қалған сүйір күмбезді сирек ескерткіштердің бірі - Абат-Байтақ есімі берілген. Ол XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында салынған деп есептеледі. Аңыз бойынша ескерткіш Асан қайғының көші-қон кезінде аяқ астынан қаза болған ұлы Абат батырға арнап салынған делінеді. (С.Е.Әжіғали Абат-Байтақ-Қазақ даласының інжу-маржаны. Үш тілде. Алматы., 2004 жыл. 2 бет)

Мавзолейдің батыс жағында кейінірек бой көтерген (XVIII – XX ғасырдың басы) қорым тұр. Ол биік төбе етіп үйілген қорымдар мен шикі кірпішті қоршаулардың батыс жағына орналасқан тамаша қашаудан шыққан құлпытастардың ғажайып ансамблі секілді. Абат-Байтақ құлпытасы – батысқазақстандық тас қашау өнерінің ерекше құбылысы. Олар жалпы алғанда, көркем стеллалардың Арал-Каспий концепциясы рухында жасалған, алайда тасқа өрнек салудың жергілікті дәстүрлерімен (көлемді-кеңістіктік күрделі композицияға ұмтылу, қашау техникасының әрқилылығы, ою-өрнектің қоюлығы, өсімдіктердің бейнеленуі) сабақтасқан. Көркемдеудің мұндай элементтері Ұлы Қобда өзені алаптарында да (Томпақ мешіті), сондай-ақ сол жағындағы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы шағын рулық бейіттерде (бергі ортағасырлық Қызылтам мазарының қалдығы маңындағы бейіттер) кездеседі.

Үстірттің солтүстігіндегі (Доңызтау) ескерткіштер жиынтығы ерекшеленеді. Мұнда қорымдардың жағалары мен етектерінде XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында салынған қорымдар орналастырылған. Доңызтау комплексінің өзіне тән сипатты ерекшелігі бар, ол қорымдар және Ақсай, Жыбысқы, Арыс-әулие, Беспай, Сүлікті, Ащы-айрық, Тұшы- айрық, Сұлтанаман және басқалары секілді ірі қорымдардан байқалады.

Солтүстік Үстірттегі халықтық сәулет өнеріне тән сипат (бұл, негізінен, қазақтың қорымдары-табын руларының ескерткіштері) Үлкен Жыбысқы комплексінен анық байқалады. XIX және XX-ғасырдың басындағы тұрған мекендердің орындары, мешіт пен қорым кең аумақтың етегінде бірегей тарихи-ландшафтылық ескерткіш құраған. Ескерткіштердің ерекшелігі – аланды барынша пайдалана білгендігінде, құрылыстар көп жағдайда иық пішіндегі піріліле, кейде қабырғаларын бір-біріне қабыстырыла салынғандығында. Ескерткіштердің негізгі түрі-бурыл күмдауыттан тұрғызылған төртқұлақ-циклоптық қоршау. Оның композициялық дінгегі – құлыптасты көрікті мазар болып табылады. Мұнда құлпытастар, кірпіштер, сондай-ақ сандықтар көп емес, алайда олар айрықша көркем және көне.

Бұл өңірде күйдірілген кірпіштен құрылыс салу дәстүрі болғандығы да байқала бастады – синкретикалық түрдегі сағанатамдар, сондай-ақ діңгектік (Қошқар-ата) және көп бөлмелі мазарлар осының айғағы.

Сөйтіп, Доңызтау ескерткіштерінің Маңғыстау мен Үстірттің неғұрлым оң тұсында таманғы комплекстерінен бөлектенетіндей едәуір өзгешеліктері бар дейміз. Бұдан бөлек материалдарының әрқилы көптігін (әк тас, құм тас, күйдірілген кірпіш, шикі кірпіш) де ескерткіштердің композициялық және конструкциялық жинақылығын да, олардың детальдарын қашаудағы сәнділікті сақтамауды да көреміз. Солай бола тұрса да, солтүстік Үстірттік мемориалдық сәулет өнерінің композициялық, сәндік бітімінде терең генезис шарттылықтары байқалады. (С.Е.Әжіғали. Кратер елінің асыл мұрасы. Көшпенді Арап-каспий өңірінің тарихы мен мәдениеті туралы. А., 2004 жыл.)

Қорымдардың Жем-Сағыз тобы біршама жинақы және көптен кездеседі. Олар неғұрлым Маңғыстау-Үстірт комплексімен туыстаса келіп, солтүстік Үстірт ескерткіштерінен ерекшеленеді. Жем өзені бойы алаптарындағы қорымдар негізінен, оның орта ағысы тусындағы сол жақ жарқабаттарына салынған (Дәуімшар, Қарасақал, Әсіреп-Мүсіреп, Нұрманбет, Асан-қожа, Тайлан, Қаракұл). Бұлардың ішіндегі ең ірісі – мыналар астам бейіт үсті қондырғылары бар, ХҮІІ (ХҮІІІ) ғасыр мен ХХ ғасырдың басына жататын Қарасақал комплексі болып табылады. (Ескерткіштер- ел тарихы Ақтөбе., 1992 жыл 4-5 бет.)

Қазақтың ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы ескерткіштерін бейнелейтін мемориалдық тасқа өрнек салу бағытының мысалы – Асан қорымы оқшау тұр. Монументальдық құрылыстар композициялық тұтастығы, сәнінің таң қалдыруымен ерекшеленеді. Ескерткіштердің басым көпшілігін қойтасты құлпытастар мен қоршау құлпытастар құрайды. Олардың арасында бейіт үсті тастар мен стеллалардың көп түрлері де, сонымен бірге қашау мен бедерлеудің өте-мөте мұқият орындалған түрлері де бар. ХХ-ғасырдың басындағы соңғы ескерткіштер сәнділігі, сұңғақтылығына қарамастан бірегей, ұқсас келеді. Бұл қазақ тас қашау өнерін жоғалтуға жеткізген «өндірістік» жанама болатын.

Қазақтың ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы бейіттері Жем-Сағыз өңірінде айырығында байқалады. Сол тұсқа қарай Сағыздың алаптарында тағы да біршама ескерткіштер кездеседі. Олардың ішінен, әсіресе, Алып-ана бейіті назар аудартады. Оның кесілген блоктардан, шикі, күйдірілген кірпіштен тұрғызылған мавзолейлер, сағанатамдар, қойтасты құлпытастар, ірі стеллалар көптеп кездеседі.

Жоғарыда атап айтқандай Қазақстан Республикасы Үкіметінің 21.03.2008 жылғы № 279 Қаулысымен бекітілген Ақтөбе облысы бойынша Республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енген 9 ескерткіштің қатарындағы Жем-сағыздық тобына жататын Байғанин ауданындағы Қарасақал қорымы.

Қорымда халық арасындағы оның ішінде Кіші Жүздің адай, табын және тағы басқа руларынан шыққан сәулетші-шеберлердің, тас қашаушылардың қолынан туындылардың құлпытастар қойылған. Қарасақал қорымы 15 га жерді алып жатқан ауқымды кешен, 1 мыңға жуық жерлеу ескерткіш нысандар орналасқан. Бүгінде басым көпшілігінің орны сақталған.

Ансабльдің ең ескісі солтүстік-батыс бөлігінің шетіне орналасқан ағаш қалеммен белгіленген Қарасақал әулие бейіті болып табылады. Бұл ескерткіштің айналасында бұзыла бастаған шикі кірпіштен өрілген қоршауы бар. Қорымның солтүстік-батыс бөлігінің негізін ХІХ ғасырға жататын құлпытастар құрайды.

Кешеннің орталық бөлігінде құлпытастар аз кездеседі. Ал, оңтүстік бөлігінде арнайы ережеге сәйкес келетіндей өрілген нысандар орналасқан. Кешенде жүйелі жоспарлау байқалмайды. Осыған орай қорымды негізгі екі бөлікке бөлуге болады: оңтүстік-батыс бөлігі - ескі, солтүстік-батыс бөлігі XIX ғасырдың ортасы мен XX басына жатады.

Қорымдағы ерекше салынған мазар Індібай мазары. Індібай мазары кесілген плиталардан қаланған, алдында шағын есігі бар. Жоғары бөлігі дулыға тәрізденіп күмбезделіп салынған. Мазарды сыртқы беті өсімдік тәріздес оюлармен өрнектелген. Өрнектерге көк глазурь бояуын пайдаланған. Мазардың іші тұнып тұрған өнер, өсімдік жапырақ ромбик оюлары симметриялық нормасын сақтап орналасқан. Ал, шырша тәріздес етіп салынған геометриялық оюлар қызыл, жасыл, сары бояулармен кезектесіп отырады. Белдіктерде өрнектермен қатар жерленген адамға құрмет ретінде 21 бөліктің бірінде қылыш, найза бедерлеп салынған. Мазардың төрт бұрышында Құран Кәрім кітабы мен май шам қоятын орын қалдырған. 21 бөліктің ені 40 см, ұзындығы 1,25 см, жиегі 4 см. Мазардың жалпы биіктігі 6 см, ені 4,84 см, куполы 3 метр. «Мәдени мұра» ұлттық жобасы аясында «Қызылорда қайта жаңғырту» арнаулы ғылыми-жаңғырту шеберханасы Індібай мавзолейін 2011-2012 жылдары қайта калпына келтірді. (НҚТ-15536/61-64. 7-8 бет)

Елек өзені бассейніндегі тас қашау ескерткіштері өте сирек және түбегейлі зерттеліп болған жоқ. Олар өзен алаптарында, негізінен, шағын бейіттерде шоғырланған. Осы жағынан алып қарағанда, Абат-Байтақ зираты шынында да сирек құбылыс.

Солтүстік Арал сырты ауданы (Ырғыз өзені бассейнін қосқанда) – Батыс Қазақстан ескерткіштері комплексінің қиыр солтүстік шығысы болып табылады. Осы себепті де мұндағы мемориальдық-ғибадат сәулет өнерінің, жалпы аланда, жоғарыда аталып өткен топтардағы ескерткіштермен салыстырғанда ерекшелігінің және Орталық Қазақстан мен Сырдария өзені алабындағы сәулет өнері дәстүрімен белгілі бір дәрежеде ұқсастағы бар (мазар құрылысына күйдірілген кірпіш пайдалану). Тас қашау ескерткіштері (негізінен құлпытастар) көбінесе, ортағасырлық және орта ғасырдан кейінгі мазарлардың маңына орналастырылған.

Солтүстік Арал сыртындағы неғұрлым ертедегі сәулет өнері комплексіне қалыптасуы монғол дәуіріне кететін Балғасын зираты жатады. Комплексте ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырдағы алып діңгекті Оңалбек ата мазары дараланады. Бұл өңірдегі қазақ некропольдары мен бейіттерінің көпшілігі беріректе (ХҮІІІ – ХХ ғасырдың басы) қалыптасып, өріс алған. Олар: Қарабас әулие, Мәні әулие, т.б. Мұнда, Кіші жүз ханы Әбілхайыр жерленген «Хан моласының» да қызықтырағы көп.

Солтүстік Арал сырты халықтық сәулет өнерінің айқын ерекшелігі – күмбезді мазар құрылыстары болып табылады. Орта ғасырдағы және берідегі де қазақ сәулетшілеріне беймәлім мектеп мұнда Қошқар ата, Оңалбек ата (ХҮІ-ХҮІІ ғ.) мавзолейлері, Жаныс, Қарағұл, Байғабыл, Назар, Алдияр, Қали (Қарттың тамы), Алмат, Аққолқа, Кепер, Нұрсейіт, Шәлімбет және басқа да мазарлардың елеулі үлгілерімен көрінген. Бұл ескерткіштерге мыналар тән: күйдірілген кірпішті конструкцияға да (кейде саз балшықпен қалау), көркемдеуге де қолданған, негізгі көлемнің (сүйегінің ширектігі, қырлы барабан, күмбез) конструкциялық асуға сәйкесті шешімін табу. Бұл ескерткіштерді жасауға Мейірбек, шекті руынан Ыршам, қаракесек руынан Ырыш, Жыға сияқты қазақтың сәулетшілері қатысқан.

Солтүстік Арал сырты зираттық сәулет өнері әрқилы – мұнда шикі кірпіштен салынған қазақы мазарлар (ұйтамдар), XIX ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында салынған қоғамдық ғибадат құрылыстары: Дүйсенбі ақын, Исатай, құлтас руының минарет-мешіті т.б. бар.

Сонымен, Үстірт пен Аралдың солтүстігіндегі аудандардағы халықтық сәулет өнері мен монументальдық тасқа өрнек салу біз үшін тамыры тереңге кетіп жатқан, генезисі жағынан күрделі, түрі сан алуан халықтық өнер ретінде танылады. Ақтөбе облысы өңіріндегі

сәулет өнері ескерткіштері – өте сирек кездесетін құбылыс, олар өздерін онан әрі зерттеу, қорғау, сақтау және жөндеуден өтуі үшін қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар тарапынан барынша назар аударуды талап етеді.

Әдебиет:

1. Российская музейная энциклопедия. Москва 2002 год
2. Музейные экспозиции и выставки/Музейное дело России. М., 2003
3. С.Е.Әжіғали Абат-Байтақ-Қазак даласының інжу-маржаны. Үш тілде. Алматы., 2004 жыл
4. А.А. Бисембаев История Актюбинской области. Актөбе 2006 г
5. Ескерткіштер- ел тарихы Ақтөбе., 1992 жыл.
6. С.Е.Әжіғали. Кратер елінің асыл мұрасы.Көшпенді Арал-каспий өңірінің тарихы мен мәдениеті туралы.А.,2004 жыл.
7. С.Е.Ажигали. Архитектура кочевников феномен истории и культуры Евразии. А.,2002 г.
8. Р.Илиясова. Далам тұнған шежіре. Алматы Зерде 2007 жыл
9. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің сәулет-өнер ескерткіштер паспорты
10. Байғанин ауданы бойынша тарихи-мәдени , архитектуралық жиынтығының паспорттары - НҚТ-15536/61-64

